

Карантиндік аймақтарға ветеринариялық режим мен шектеу іс-шараларын енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 10 маусымдағы N 124 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 22 шілдеде N 2-14-62 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 223 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2008.11.20 N 223 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 18)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы, 2-тармағы, 9)-тармақшасына сәйкес және бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 2008 жылғы 03 маусымдағы N 219 ұсынысы бойынша аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсақ мүйізді малдары арасынан сарып ауруы туындаған жағдайға байланысты төмендегі карантиндік аймақтарға ветеринариялық режим мен шектеу іс-шаралары енгізілсін:

1) Қабліса ауылдық округінің "Алмалы" учаскесіне (12 бас, 2008 жылдың 20 мамырдағы N 409 сараптамасы, 3 бас 2008 жылдың 27 мамырдағы N 438 с а р а п т а м а с ы) ;

2) Лабасы ауылдық округінің Еңбекшіқазақ ауылына (23 бас, 2008 жылдың 03 маусымдағы N 532 сараптамасы, 13 бас, 2008 жылдың 03 маусымдағы N 533 с а р а п т а м а с ы) .

2. Сарып ауруының ошағын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясының бастығы С.Қабдолданов (келісім бойынша), Көксу аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығы Е.Ешкенов (келісім бойынша) сарып ауруының ошағын жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М . Б е й с е н о в к е ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *К. Әбдірахманов*
 Көксу ауданы әкімдігінің
 2008 жылғы 10 мамырдағы
 "Карантиндік аймақтарға
 ветеринариялық режим мен
 шектеу іс-шараларын енгізу
 туралы" N 124 қаулысына
 қосымша

Сарып ауруының ошағын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары:

Р/с	Іс-шараның аталуы	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар
1. Ұйымдық-шаруашылықтық шаралары			
1	Ауылдық округтердегі ауыл шаруашылық малдардың толық есебін жүргізу.	Тұрақты түрде	Кенттік, ауылдық округтерінің әкімдері, ветеринариялық инспекторлары (келісім бойынша)
2	Арнайы мал соятын орындар мен өлген малдарды тастайтын шұңқырды әрбір елді мекенде жасау жұмысын жалғастыру.	Жыл аяғына дейін	Кенттік, ауылдық округтерінің әкімдері, ветеринариялық инспекторлары (келісім бойынша)
2. Арнайы ветеринариялық шаралар.			
3	Сарып ауруына оң нәтиже беріп тіркелген малдарды тез арада жалпы отардан аластау.	Сараптау актісін алысымен	Кенттік, ауылдық округінің ветеринариялық инспекторлары, лицензиялық мал дәрігерлері (келісім бойынша)
4	Ауру болып тіркелген малдарды ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай есепке қойып, жою.	3 күн ішінде	Кенттік, ауылдық округінің ветеринариялық инспекторлары, лицензиялық мал дәрігерлері (келісім бойынша)
5	Мал тұрған қоралар мен ауланы қидан тазарту және мал тұрған орынды арнайы дәрілермен залалсыздандыру.	Тез арада, мал жойылғаннан кейін	Кенттік, ауылдық округінің ветеринариялық инспекторлары, лицензиялық мал

			дәрігерлері (келісім бойынша)
6	Ауру шыққан ауладағы қалған малдардан 15-20 күн сайын қан алынып, 2 қайтара таза шыққанша сарып ауруына қарсы тексеру.	Тұрақты түрде	Кенттік, ауылдық округінің ветеринариялық инспекторлары, лицензиялық мал дәрігерлері (келісім, бойынша)
7	Ауру мал шыққан ауладағы адамдарды сарып ауруына қарсы тексеру.	Маусым	Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, кенттік, ауылдық округтерінің ветеринариялық инспекторлары (келісім бойынша)
8	Аудан арасында сарып ауруына қарсы шаралар және сақтану жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.	Тұрақты	Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, кенттік, ауылдық округтерінің ветеринариялық инспекторлары (келісім бойынша)

Аудан әкімінің орынбасары

М. Бейсенов